

1) тиісінше облыстың, Ақмола және Алматы қалаларының әкімінің (бұдан әрі - әкім) қарауына тәртіптік теріс қылықтарға, соның ішінде билік пен қызмет бабын асыра пайдалануға, қызмет этикасы ережелерін бұзуға жол берген жергілікті атқарушы органдардың лауазымды адамдарын тәртіптік жауапқа тарту

жөнiнде

ұсыныстар

енгізу;

2) әкім үшін тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік шегінде мемлекеттік тәртіпті нығайту, жергілікті атқарушы органдардың маслихаттар аппараттарының лауазымды адамдарының мемлекеттік қызмет туралы заң талаптары мен қызмет этикасы ережелерін сақтауын қамтамасыз ету жөнiнде ұсынымдар мен ұсыныстарды талдап жасау;

3) жергілікті атқарушы органдардың, маслихаттар аппараттарының лауазымды адамдарының билікті немесе қызмет бабын асыра пайдалану фактілері туралы азаматтардың өтініш-арыздарын, бұқаралық ақпарат құралдарының хабарламаларын қарау;

4) Қазақстан Республикасының Жоғарғы тәртіптік кеңесінің қарауына мемлекеттік тәртіпті нығайтуға және мемлекеттік қызметтің жұмыс істеуінің пәрменділігін арттыруға бағытталған ұсыныстарды енгізу.

4. Кеңестің құрамын әкім құрады және ол Төраға мен Кеңес мүшелерінен тұрады, олар: мәслихат депутаттары, жергілікті жұртшылықтың беделді өкілдері, лауазымы бойынша - облыс (Ақмола және Алматы қалаларының) прокуроры, аумақтық әділет басқармасының бастығы.

Кеңес Төрағасын Республиканың Жоғары тәртіптік кеңесі Төрағасымен алдын ала келіскеннен кейін әкім тағайындайды.

Кеңес Төрағасының лауазымы мемлекеттік қызметші лауазымы болып табылады.

Кеңес мүшелері өз міндеттерін қоғамдық негізде жүзеге асырады.

5. Кеңес Төрағасы:

1) Кеңестің жеке құрамы туралы ұсынысты әкімнің қарауына енгізеді;

2) Кеңес қызметін ұйымдастырады және оған басшылық жасайды;

3) Кеңес отырыстарының күн тәртібін белгілейді;

4) Кеңес отырысын шақырады және оған төрағалық етеді. Кеңес Төрағасы болмағанда отырыстарда оның өкілеттігі бойынша Кеңес мүшелерінің бірі төрағалық етеді;

5) Кеңес мүшелерінің арасынан Кеңес отырысында қаралатын нақты мәселе бойынша баяндамашыны белгілейді;

6) республиканың Жоғарғы тәртіптік кеңесінің алдында Кеңес жұмысының қорытындылары туралы жүйелі түрде есеп береді;

7) октын-октын (жарты жылда бір рет) Кеңес жұмысының қорытындылары туралы әкімге хабарлап отырады;

8) Кеңестің регламентін оның бекітуіне ұсынады;

9) осы үлгі ережеде, заңдарда, Кеңес Регламентінде көзделген өзге өкілеттіктерді жүзеге асырады.

6. Кеңес отырыстары:

1) оларға Кеңес мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысса,
з а ң д ы д е п е с е п т е л е д і ;

2) қажеттілігіне қарай, бірақ жылына кемінде төрт рет өткізіледі;

3) ашық түрде өткізіледі. Қажет болған жағдайда, егер мәселені қарау мемлекеттік құпияларға қатысты болса, онда Кеңес Төрағасының шешімі бойынша жабық отырыстар жүргізілуі мүмкін.

7. Кеңес шешімдері отырысқа қатысып отырған Кеңес мүшелерінің жалпы санының жай көпшілік даусымен қабылдайды. Дауыстар тең болған кезде төрағалық етушінің дауысы шешуші дауыс болып табылады.

8. Кеңес өз құзыретінің шегінде:

1) өз отырыстарында жергілікті атқарушы органдардың басшыларын
т ы ң д а у ғ а ;

2) жергілікті атқарушы органдардан, мәслихаттар аппараттарынан, Республика Президентіне тікелей бағынысты және есеп беретін мемлекеттік органдардың және орталық атқарушы органдардың аумақтық бөлімшелерінен, сондай-ақ ұйымдардан қажетті құжаттарды, материалдар мен ақпараттарды с ұ р а т у ғ а ;

3) жергілікті атқарушы органдарға, мәслихаттар аппараттарына орындауға міндетті тапсырмалар беруге;

4) тиісті лауазымды адамдардан ауызша және жазбаша түсініктемелер талап етуге ;

5) тиісті жергілікті атқарушы органдардың, мәслихаттар аппараттарының басшыларынан мемлекеттік қызметшілердің билікті немесе қызмет бабын асыра пайдалануы, қызмет этикасы ережелерін бұзуы фактілері бойынша тексерістер мен қызметтен тексерулер жүргізуді талап етуге;

б) штаттан тыс инспекторлар ретінде жергілікті жұртшылықтың беделді және кәсіби даярлығы бар өкілдерін тексерістер, қызметтік тексерулер жүргізуге қатысу үшін тартуға құқылы.

9. Кеңес жергілікті атқарушы органдар басшыларының, олардың орынбасарларының, аталған органдардың, мәслихаттардың лауазымды адамдарының тәртіптік істерін қарайды.

10. Азаматтардың өтініш-арыздарын, бұқаралық ақпарат құралдарының хабарламаларын қарау қорытындылары бойынша Кеңес мүшелерінің тексеру жүргізуі туралы шешім қабылдауы не оны жүргізуі жергілікті өкілетті атқарушы органға немесе лауазымды адамға тексеру қорытындылары туралы Кеңес алдында міндетті есеп беретін етіп тапсыруы мүмкін.

11. Кеңес қарауға қабылдаған тәртіптік іс екі апта мерзімде қаралуға тиіс.

Кеңес отырысында тәртіптік істі қарағанға дейін іске қатысы бар жағдайлар мен мәліметтерге алдын ала тексеру жүргізіледі, тәртіптік жауапқа тартылып

отырған адамнан жазбаша түсініктеме алынады.

Кеңес отырысында тәртіптік істі қарау, әдетте, тәртіптік жауапқа тартылып отырған адамның қатысуымен жүргізіледі.

12. Тәртіптік істі қарау қорытындылары бойынша Кеңес мынадай шешімдердің бірін қабылдай алады:

1) Әкімге немесе жергілікті атқарушы органдардың, мәслихаттар аппараттарының басшыларына тиісті тәртіптік жаза қолдануды ұсыну;

2) мән-жайы бойынша шешім қабылдау үшін тәртіптік іс материалдарын құзыретті мемлекеттік органның немесе лауазымды адамның қарауына жіберу;

3) тәртіптік істі тоқтату.

13. Мемлекеттік қызметшінің іс-әрекетінде қылмыс белгілері болған кезде, Кеңес бұл қызметшіні заңдарда белгіленген тәртіппен қылмыстық жауапқа тарту туралы мәселені шешу үшін, тиісті құжаттар мен материалдарды тиісінше облыстың, Ақмола және Алматы қалаларының әкіміне жібереді.

14. Әкім немесе Кеңес Төрағасы Кеңес шешімімен келіспеген жағдайда тиісті ұсыныспен Республиканың Жоғары тәртіптік кеңесіне жүгіне алады.

15. Кеңес қызметінің тәртібі, оның ішінде тәртіптік істерді қарау тәртібі осы Үлгі ережемен қатар, Республика заңдарымен және Кеңес Регламентімен а й қ ы н д а л а д ы .

16. Кеңес қызметін ақпараттық-талдау, ұйымдық және материалдық-техникалық қамтамасыз етуді әкім аппаратының тиісті құрылымдық бөлімшелері жүзеге асырады.